

ISSN 1999-4214 (print)

ISSN 2957-5095 (online)

ЕУРАЗИЯ ГУМАНИТАРЛЫҚ ИНСТИТУТЫНЫҢ

ХАБАРШЫСЫ

ВЕСТНИК

ЕВРАЗИЙСКОГО
ГУМАНИТАРНОГО
ИНСТИТУТА

BULLETIN

OF THE EURASIAN
HUMANITIES
INSTITUTE

№2/2026

Жылына 4 рет шығады
2001 ж. шыға бастаған

Выходит 4 раза в год
Начал издаваться с 2001 г.

Published 4 times a year
Began to be published in 2001

Астана, 2026

Бас редактор **Дауренбекова Л.Н.**
А.Қ. Құсайынов атындағы Еуразия гуманитарлық институтының
қауымдастырылған профессоры, филология ғылымдарының кандидаты
Жауапты редактор **Алимбаев А.Е.**
А.Қ. Құсайынов атындағы Еуразия гуманитарлық институтының доценті,
философия докторы (PhD)

Редакция алқасы

Аймұхамбет Ж.Ә.	филология ғылымдарының докторы, профессор, Л.Н. Гумилев атындағы ЕҰУ, Астана, Қазақстан
Ақтаева К.	филология ғылымдарының докторы, профессор, А. Мицкевич атындағы Польша университеті, Познань, Польша.
Әбсадық А.А.	филология ғылымдарының докторы, профессор, А. Байтұрсынов атындағы Қостанай өңірлік университеті, Қостанай, Қазақстан
Аасланд Е.	философия докторы (PhD), профессор
Бредихин С.Н.	филология ғылымдарының докторы, профессор, Солтүстік Кавказ федералды университеті, Ставрополь, РФ
Гайнуллина Ф.А.	филология ғылымдарының кандидаты, доцент Ә. Бөкейхан атындағы университеті, Семей, Қазақстан
Ермекова Т.Н.	филология ғылымдарының докторы, профессор, Қазақ ұлттық қыздар педагогикалық университеті, Алматы, Қазақстан
Есиркепова К.Қ.	филология ғылымдарының кандидаты, қауымдастырылған профессор, А. Байтұрсынов атындағы Қостанай өңірлік университеті, Қостанай, Қазақстан
Жүсіпов Н.Қ.	филология ғылымдарының докторы, профессор, Торайғыров университеті, Павлодар, Қазақстан
Каранфил Г.	философия докторы (PhD), профессор, Комрат мемлекеттік университеті, Кишинев, Молдова
Курбанова М.М.	филология ғылымдарының докторы, профессор, Алишер Навои атындағы Ташкент мемлекеттік өзбек тілі мен әдебиеті университеті, Ташкент, Өзбекстан
Қамзабекұлы Д.	ҚР ҰҒА академигі, филология ғылымдарының докторы, профессор, Л.Н. Гумилев атындағы ЕҰУ, Астана, Қазақстан
Құрысжан Л.Ә.	филология ғылымдарының кандидаты, профессор, Ханкук шетелтану университеті, Сеул, Оңтүстік Корея
Онер М.	философия докторы (PhD), профессор, Эгей университеті, Измир, Туркия
Олдфилд А.	Философия докторы (PhD), профессор, Каролина Университеті Каролина, АҚШ
Пименова М.В.	филология ғылымдарының докторы, профессор, Шет ел тілдері институты, Санкт-Петербург, РФ
Сайфулина Ф.С.	филология ғылымдарының докторы, профессор, Қазан федералды университеті, Қазан, Татарстан, РФ
Сенмез О.Ф.	философия докторы (PhD), профессор, Токат Газиосманпаша университеті, Токат, Түркия

Редакцияның мекенжайы: 010009, Астана қ., Жұмабаев даңғ., 4
Телефон/факс: (7172) 561 933; e-mail: eagi.vestnik@gmail.com, сайт: ojs.egi.kz

Еуразия гуманитарлық институтының Хабаршысы.
Меншіктенуші: «А.Қ. Құсайынов атындағы Еуразия гуманитарлық институты»
Қазақстан Республикасы Ақпарат және қоғамдық даму министрлігі Ақпарат комитетінде қайта есепке қойылды. Тіркеу № KZ92VPY00046970 17.03.2022
Басуға 26.06.2026 ж. қол қойылды. Пішімі 60*84 1\8. Қағаз офсеттік Көлемі. БТ.
Таралымы 200 дана. Бағасы келісім бойынша. Тапсырыс № 89
«Ақтаев У.Е.» баспасында басылып шықты

© А.Қ. Құсайынов атындағы Еуразия гуманитарлық институты

Главный редактор **Дауренбекова Л.Н.**
Кандидат филологических наук, ассоциированный профессор Евразийского гуманитарного
института имени А.К. Кусаинова
Ответственный редактор **Алимбаев А.Е.**
Доктор философии (PhD), доцент Евразийского гуманитарного института имени
А.К. Кусаинова

Редакционная коллегия

Аймухамбет Ж.А.	доктор филологических наук, профессор, ЕНУ имени Л.Н. Гумилева, Астана, Казахстан
Актаева К.	доктор филологических наук, профессор, университет имени Адама Мицкевича, Познань, Польша.
Абсадық А.А.	доктор филологических наук, профессор, Костанайский региональный университет имени А.Байтурсынова, Костанай, Казахстан
Аасланд Е.	доктор философии (PhD), профессор
Бредихин С.Н.	доктор филологических наук, профессор, Северо-Кавказский федеральный университет, Ставрополь, РФ
Гайнуллина Ф.А.	кандидат филологических наук, доцент университет имени А. Бокейхана, Семей, Казахстан
Ермекова Т.Н.	доктор филологических наук, профессор, Казахский национальный женский педагогический университет, Алматы, Казахстан
Есиркепова К.К.	кандидат филологических наук, профессор, Костанайский региональный университет имени А. Байтурсынова, Костанай, Казахстан
Жусипов Н.К.	доктор филологических наук, профессор, Торайгыров университет, Павлодар, Казахстан
Каранфил Г.	доктор философии (PhD), профессор, Комратский государственный университет, Кишинев, Молдова
Курбанова М.М.	доктор филологических наук, профессор, Ташкентский государственный университет узбекского языка и литературы им. Алишера Навои, Ташкент, Узбекистан
Камзабекулы Д.	академик НАН РК, доктор филологических наук, профессор, ЕНУ имени Л.Н. Гумилева, Астана, Казахстан
Курысжан Л.А.	кандидат филологических наук, профессор, Университет иностранных языков Ханкук, Сеул, Южная Корея
Онер М.	доктор философии (PhD), профессор, Эгейский университет, Измир, Турция
Олдфилд А.	доктор философии (PhD), профессор, Университет Каролины Каролина, США
Пименова М.В.	доктор филологических наук, профессор, Институт иностранных языков, Санкт-Петербург, РФ
Сайфулина Ф.С.	доктор филологических наук, профессор, Казанский федеральный университет, Казань, Татарстан, РФ
Сенмез О.Ф.	доктор философии (PhD), профессор, Университет Токат Газиосманпаша, Токат, Турция

Адрес редакции: 010009, г. Астана., пр. Жумабаева, 4
Телефон/факс: (7172) 561 933; e-mail: eagi.vestnik@gmail.com, сайт: ojs.egi.kz

Вестник Евразийского гуманитарного института.

Собственник: «Евразийский гуманитарный институт имени А.К. Кусаинова».

Министерством информации и общественного развития Республики Казахстан Комитет информации постановлено на переучет № KZ92VPY00046970 17.03.2022

Подписано в печать 26.06.2026 г. Формат 60*84 1\8. Бум. типогр.

Тираж 200. Цена согласовано. Заказ № 89

Напечатано в издательстве «У.Е. Актаева»

©Евразийский гуманитарный институт имени А.К. Кусаинова

Chief Editor **Daurenbekova L.N.**
Candidate of Philological Science, Associate Professor of the A.K. Kussayinov Eurasian Humanities
Institute
Editor-in-Chief **Alimbayev A.E.**
Doctor of Philosophy (PhD), Associate Professor of the A.K. Kussayinov Eurasian Humanities
Institute

Editorial Board

Aimuhambet Zh.A.	Doctor of Philological Sciences, Professor, L.N. Gumilyov ENU, Astana, Kazakhstan
Aktayeva K.	Doctor of Philological Sciences, Professor, Poznan Adam Mitskevich University, Poznan, Poland
Absadyk A.A.	Doctor of Philological Sciences, Professor, Kostanay Regional University named after A.Baitursynov, Kostanay, Kazakhstan
Aasland E.	
Bredikhin S.N.	Doctor of Philological Sciences, Professor, North-Caucasus Federal University, Stavropol, RF
Гайнуллина Ф.А.	Candidate of Philological Sciences, Associate Professor Alikhan Bokeikhan University, Semey, Kazakhstan
Yermekova T.N.	Doctor of Philological Sciences, Professor, Kaz. National Women's Pedagogical University. Almaty, Kazakhstan
Yesirkepova K.K.	Candidate of Philological Sciences, Professor, Kostanay Regional University named after A.Baitursynov, Kostanay, Kazakhstan
Zhusipov N.K.	Doctor of Philological Sciences, Professor, Toraighyrov University, Pavlodar, Kazakhstan
Karanfil G.	Doctor of Philological (PhD), Professor, Komrat Devlet Univerditesi, Kishinev, Moldova
Kurbanova M.M.	Doctor of Philological Sciences, Professor, Tashkent State University of the Uzbek Language and Literature named after Alisher Navoyi, Tashkent, Uzbekistan
Kamzabekuly D.	Academician of NAS RK, Doctor of Philological Sciences, Professor, L.N. Gumilyov ENU, Astana, Kazakhstan
Kuryszhn L.A.	Candidate of Philological Sciences, Professor, Hankuk University of Foreign Studies Seoul Korea
Oner M.	Doctor of Philological (PhD), Professor, Aegean University, Izmir, Turkey
Oldfield A.	Doctor of Philological (PhD), Professor, Coastal Carolina University Carolina, USA
Pimenova M.V.	Doctor of Philological Sciences, Professor, Foreign Languages Institute, St-Petersburg, RF
Seifullina F.S.	Doctor of Philological Sciences, Professor, Kazan Federal University, Kazan, Tatarstan, RF
Senmez O.F.	(PhD), Professor, Tokat Gaziosmanpasa University, Tokat, Turkey

Editorial address: 010009, Astana., 4, Prospect Zhumabayev
Tel/Fax: (7172) 561 933; e-mail: eagi.vestnik@gmail.com, сайт: ojs.egi.kz

Bulletin of the Eurasian Humanities Institute.

Owner: «A.K. Kussayinov Eurasian Humanities Institute».

The Ministry of Information and Public Development of the Republic of Kazakhstan Information Committee decided to re-register No. KZ92VPY00046970 17.03.2022

Signed for printing 26.06.2026 Format 60 * 84 1 \ 8. Paper. Printing house

Circulation 200. Price agreed. Order No. 89

Printed in the publishing house of «U.E. Aktaev»

МАЗМҰНЫ / СОДЕРЖАНИЕ / CONTENTS

ТІЛ БІЛІМІ / ЯЗЫКОЗНАНИЕ / LINGUISTICS		
АЙДАРБЕК Қ.Ж. ИМАНБЕРДИЕВА А.Б. АККУЗОВА А.А.	Қазақ ғылыми терминологиясындағы терминэлементтер жұмсалымының танымдық тетіктері	7
АЛТАЙ А.А. АБЫЗОВА А.М.	Лингвистикалық интеллект: ғылыми категория ретінде	23
BAZARBEKOVA D.M. KURMANOVA Z.K. AKHMETOVA B.Z.	Frame modeling of the «Ulytau» concept	32
БАЛТАБАЙ Д.Ә.	«Шежіре-и теракима» еңбегінде кездесетін кейбір топонимдер мен этнонимдердің этимологиясы	44
YESSENBAYEVA A.E. ҮБЫРАЙҰМ А.О.	Linguistic mechanisms of implicit evaluation in Kazakh and English media discourse	56
ЕСКЕРМЕСОВА Г.А. ЕРМЕКОВА Т.Н. ШОЙБЕКОВА Ғ.Б.	Этномәдени бірліктердің жасанды интеллект арқылы аударылуы: машиналық аудармалар және оның сапасын бағалау	66
ЖАРКЫНБЕКОВА Ш.К. ШАХПУТОВА З.Х.	Репрезентация семейных ценностей в автохтонном художественном дискурсе	78
KORBOSSYNOV B. K. BORANBAYEV S. R. SERKEBAYEVA G.Y.	Tudy of the law of singormanism in Turkic languages	88
КУЛЫНТАЕВА Т.Б. ДЖАМБАЕВА Ж.А. НУРГАЗИНА А.Б.	Қазақ тіліндегі «уақыт» концептісі: семантикалық өріс және тілдік репрезентация	102
ҚАМБАРОВА Б.Ғ. БЕЙСЕНБЕКОВА Г.Т. ШАДИЕВА Н.Х.	Жас когорталарының (X, Y, Z, Alpha) әлеуметтік желідегі коммуникативтік ерекшеліктері	114
ҚАПАЛБЕК Б.С. АЛПЫСБАЙ Ә.Р. ТҮРКБЕНБАЕВА М.Ж.	Жыйырманшы деп жазу қай норма?	126
ҚҰСАЙЫНОВА Ж.А. НАСЫРИТДИНОВА Ә.Н.	«Сенімсіздік» модальді реңкінің мәтіндегі көріністері	136
САГИДОЛДА Г.	*Қазіргі түркі тілдеріндегі бас киім атауларының атауыштық-уәждемелік және лингвомәдени сипаты	148
САДЫҒҰЛ Т.Қ. ЕРҒАЛИЕВА С.Ж. УАЙХАНОВА М.А.	Особенности интернет-дискурса в цифровом пространстве Казахстана	159
SULTANOVA S.M. MUKHTAROVA S.S. TOXANBAYEVA T.ZH.	Ethnocultural specificity of suffixal word formation in Russian, Kazakh, and English: on the question of the linguistic worldview	171
ХАИРЛАЕВА Г.Ж. АСАНБАЕВА С.А.	Қазіргі мәдениетаралық коммуникация контекстіндегі қоғамдық-саяси аударма: әлеуметтік-лингвистикалық аспекті (қазақ-орыс тілдері материалдары негізінде)	183

ӘДЕБИЕТТАНУ / ЛИТЕРАТУРОВЕДЕНИЕ / LITERATURE STUDIES		
АЙМУХАНБЕТОВА М.Е. КАРТАЕВА А.М. БИЯРОВ Б.Н.	*Киелі Алтайдың табиғаты мен топонимикалық аңыздарының көркем шығармадағы көрінісі	193
АМИРОВА Л.Т., ТАНЖАРИКОВА А.В.	Мистикалық әңгімелердегі акустикалық детальдың қызметі	203
ГАЗИЗОВ Г.Д. КЕМЕҢГЕР Қ.Р.	*Кеңес дәуірі әдебиетінде Алаш арыстарының көркем бейнесі (С.Сейфуллин, Б.Майлин, С.Мұқанов шығармалары бойынша)	212
ЛАПШИНА Н.В. РАДЧУК О.А.	Особенности перевода стилистических средств в художественном произведении (на материале повести Джека Лондона «Белый клык»)	220
МУСАБЕКОВ К.А. КОШИКБАЕВА Г.Д. АЛТЫНБЕКОВ Ш.Е.	Абсурд – художественный метод в пьесе Дулата Исабекова «Ескерткіш операциясы»	230
СӨМЕНҚЫЗЫ Ұ. ҚҰЛБАРАҚ С.О. САМБЕТОВА Г.	М.Х. Дулати мұралары академик Ә.Дербісәлі зерттеуінде	240
СОЛТАНАЕВА Е.М. ӘБДИМАНҰЛЫ Ө. ШОРТАНБАЙ Ш.	М. Жұмабайұлының шығармашылығы деколониялық дискурста	250
СҰЛТАНҒАЛИЕВА Р.Б. САМАТОВА Ш.Ө.	Қазақ әдебиетіндегі постмодернизм: поп-арт пен тұрмыстық заттар эстетикасы	260
JURKOWICZ PH. SAILAUKYZY A. TUSSUPOVA G.B.	Alash heritage in national brand formation: a literary, journalistic and intellectual perspective	271
ТІЛ ЖӘНЕ ӘДЕБИЕТТІ ОҚЫТУ ӘДІСТЕМЕСІ / МЕТОДИКА ПРЕПОДАВАНИЯ ЯЗЫКА И ЛИТЕРАТУРЫ / METHODOLOGY OF TEACHING LANGUAGE AND LITERATURE		
ҚАЛЫБАЕВА Қ.С. ЗАЙСАНБАЕВ Т.К.	А. Байтұрсынұлының сауат ашу құралдары және әдістемесі	280
МҰХАМАДИ Қ.Т.	Монотілді балалардың оқу процесіндегі тілдік кедергілері	291

*Е.М. СОЛТАНАЕВА¹



Ө. ӘБДИМАНҰЛЫ²



Ш. ШОРТАНБАЙ³



Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті, Алматы, Қазақстан ^{1, 2, 3}

(e-mail: gulkataim@gmail.com¹, abdimanuly@rumbler.ru²,
shokhan.shortanbaev@gmail.com³)

М. ЖҰМАБАЙҰЛЫНЫҢ ШЫҒАРМАШЫЛЫҒЫ ДЕКОЛОНИЯЛЫҚ ДИСКУРСА

Аңдатпа. Мақалада Алаш қозғалысының көрнекті өкілдерінің бірі, ақын, ұлттық рухтың жаршысы ретінде танылған М.Жұмабайұлының қаналған қазақ халқының халі бейнеленген көркем аудармалары мен баспасөз беттеріндегі жарияланған мақалаларына, әдебиеттанушылық еңбегіне отарсыздандыру теориясы тұрғысынан талдаулар жасалып, шығарма мазмұнындағы отарлық үстемдік, отарланған субъектінің ішкі қарсылығы, дүниетанымдардың айырмасы, өзінікі мен бөгденің қатынасы тұрғысынан қарап мәтіндегі жаңа қабаттар ашылып көрсетіледі. Зерттеушілер М.Жұмабаевтың Вс.Ивановтан аударған «Жолығу» әңгімесін философия, мәдениеттану мен әдебиеттанудағы постколониалдық ойлар мен феминисттік сынның өрістеуіне әсер еткен Г.Спивактың субалтерндік ойларымен сабақтастыра зерделейді.

Аудармашының негізгі ұстанымдары мен қағидаларын айқындау барысында оның жасалған кезеңі мен сол дәуірдегі әлеуметтік-мәдени және идеологиялық контекстті ескеру керек. Түпнұсқа иесі кеңестік идеология аясында жазса, ал аудармашы алаш ұранды әдебиет өкілі болса, онда аудармада түпнұсқадан өзгеше интерпретациялық реңктер пайда болуы заңды құбылыс. Зерттеліп отырған жағдайда түпнұсқа авторы мен аудармашының дүниетанымдық бағыттарының әртүрлі болуы – мәтіннің мазмұндық және мағыналық құрылымына елеулі ықпал еткен. Сондықтан авторлар аударма мәтіндегі стильдік және идеялық ерекшеліктерді анықтау үшін тек тілдік немесе әдеби тұрғыдан емес, психологиялық, әлеуметтік, идеологиялық аспектілерін қоса, кешенді түрде қарастыра отырып, аудармашының жеке шығармашылық ұстанымын, оның ұлттық көзқарасы мен тарихи дәуір талабын ұштастырудағы шеберлігін анықтай алды.

Түйін сөздер: Мағжан Жұмабайұлы, алаш, көркем аударма, отарсыздандыру, дискурс, субалтерн.

Кіріспе. Өткен әдебиетіміз бен мәдениетіміздің үлгілеріне тәуелсіздік тұрғысынан қарау белгілі бір идеологиялық тұрғыдан үстем болған біржақты көзқарастардан арылтып, өңделген тарихи картинаны қайтадан шынайы қалпына келтіруге, терең ойланып сын тұрғысынан пайымдауымызға мүмкіндік беретін құрал. Бодандықтың зардабынан

* Мақала ҚР ҒЖБМ Ғылым комитеті қаржыландыратын АР26103883 «Тәуелсіздік идеясын XX-XXI ғасыр бас кезіндегі қазақ әдебиетінде көркем бейнелеудегі ұлттық рух ұстанымы мен жаңашыл таным табиғаты» атты нысаналы-бағдарламалық жоба аясында әзірленді.

халықтың тартқан азабын қазақ ақындары аз жырланған жоқ. Әсіресе, XX ғасыр басындағы Алаш қайраткерлері өз шығармашылығында ашық та, астарлы ишарамен де білдірді. Сол үшін түрмеге де жабылды, атылды да. Жеке тап мүддесінен ұлт мүддесін қымбат көрген ақындар қатарында М.Жұмабаев та бар еді.

М.Жұмабайұлы орыс және әлем әдебиетінің жаухар прозасы мен поэзиясын қазақ тіліне шебер аударған. Ол 1923-1927 жылдары Мәскеудегі жоғары әдебиет-көркемөнер институтында оқи жүріп, «КСРО халықтары кіндік баспасының қазақ-қырғыз» бөліміне жұмысқа тұрады. Баспада істеп жүрген жылдары ақын үшін аса өнімді жылдар болды. Төл еңбектер жазумен қатар аудармамен де дендеп айналысып, «Күркіреу, найзағай, электр», «Жаңбыр дегеніміз не?», «Дүниенің тарих, шаруа географиясы» деген танымдық-ағартушылық, «Февральдан октябрге бет алу», «1905 жыл», «Еңбекші қара шаруа артельдері мен коммуналары», «Қарыз серіктігі, оның қара шаруаға пайдасы», «Қара шаруа туралы», «Бізді кім билеп отыр?» секілді саяси-әлеуметтік мәтіндерді аударды.

М.Жұмабайұлы аударған көркем мәтіндер қатарында П.Дороховтан «Большевик баласы», Вс.Ивановтан «Төрт әңгіме», М.Горькийден «Сұңқар жыры» секілді прозалық шығармалар бар. Поэзиялық туындылар ішінен И.В.Гете, Г.Гейне, М.Лермонтов, В.А.Жуковский, А.Фет, А.В.Кольцов, Эбу-Фирас, И.Мятлов, И.Дмитриевтен аударған өлеңдері бар.

Әдістеме және зерттеу әдістері. М.Жұмабайұлының шығармашылығы, өлеңдері мен прозасын, мақалалары мен поэмаларын, тәржіме жасау еңбегі қазақ әдебиеттануында бағаланып, байыпты зерттеліп, мағжантану ғылымының іргесі бекіген. Оның өлеңдерін салмақты дәлелдер келтіріп, алғаш талдаған Ж.Аймауытов болса, аудармашылық шеберлігін мойындап жоғары бағалаған Ә.Бөкейхан еді. Ә.Бөкейхан 1925 жылы өзінің «Сұңқар жыры», М.Горькийден» деген рецензиялық мақаласында М. Жұмабайұлының аудармасы туралы «Крыловтың мысалдарын «Қырық мысал» қылып қазақ баласының аузына шайнап салған терең ақын Ахмет, Пушкин мен Лермонтовты өз орнында құрдасы болып қазақ еліне жем қылған Абай. Осы екеуімен бір дәрежеде қазақтың кестелі сөзін қолданып, Горькийден бес ертегісін қазақ тіліне аударған Мағжан болды» [1, 534] – дейді.

1970 жылы 4 қарашада жазған «Ұстаз» деген естелігінде Б.Кенжебаев М.Жұмабайұлының М.Горькийден «Старуха Изергиль» әңгімесін қазақ тіліне «Жұртын сүйген жүрек» деп аударып отырып айтқан әңгімесін есіне алады. «Басқа тілден шығарма аудару ол шығарманы өзіңкі етіп алу деген сөз, өзгенікі болған соң, ол өгей бала екені мүлде білінбеске керек. Ол үшін шығарманың тұрқы, тұлғасы аударылмай, мағынасы, рухы аударылуы қажет. Мына әңгіме осылай аударуға әбден келіп, соны өзі тілеп тұр: әңгіменің рухы, жаны атында емес, асыл затында, мағынасында, ал мағынасы – халқын сүйген ер азамат жайлы, жұртын сүйген жүрек туралы. Тағы бұл әңгіменің осылай «Жұртын сүйген жүрек» болып аударылуы оны жазған кісінің, Максим Горькийдің өз стиліне дәл, оның осы әңгімені жазған кезде ұстаған әдебиеттік бағытына сай – деген-ді.

Мағжанның осы, табан астында айтқан ақылы, үйреткен тәсілі менің көңіліме әбден қонды. Кейін әңгіме, мақала, кітап аударумен айналысқанда мен осы ақыл-тәсілді мықты ұстадым: Аударған заттарымды мейлінше қазақша етіп, нағыз қолтума етіп шығаруға тырыстым» [2, 463] – дейді. Бұл естелікте, әрине Мағжан Жұмабайұлының аудармашы ретіндегі ұстанымы көрсетіліп тұр.

1995 жылы жарық көрген, ҚР Мемлекеттік сыйлығына ие болған профессор Ш.Елеукуновтың «Мағжан» атты еңбегі қазақ поэзиясындағы жаңашылдықты, Мағжан лирикасында қолданған әдістер мен тәсілдерді тап басып танып, ақын дүниетанымының эволюциясын өмірбаяндық деректерін кеңінен қамти отырып көрсетуімен құнды. Мұнда М.Жұмабайұлының аудармашылық қырына да тоқталып, Мағжанның Гете – Жуковскийден, Лермонтовтан, Эбу Фирастан, М.Горькийден жасаған аудармаларын түпнұсқамен салыстыра талдай келе, «Аударма мүлтіксіз жасалған» [3, 330], «Мағжан түпнұсқадан ауытқымайды. Сонымен бірге қазақ ұғымын ескереді [3, 328]» деген тұжырымдар жасайды.

2002 жылы жарық көрген Б. Әбдешевтың «Қара сөзден маржан терген Мағжан» [4]. атты зерттеу еңбегінің «Мағжан – аудармашы» атты екінші бөлімінің ақынның прозалық аудармаларын жан-жақты талдауға арнаған. Зерттеуші Мағжанның М.Горькийден жасаған аударма әңгімелерін түпнұсқамен әрі Ғ. Мүсірепов жасаған аудармаларымен салыстыра қарастырады. П.Дороховтан аударған «Большевик баласы» шығармасынан басқа Мағжанның барлық прозалық аудармаларын түпнұсқамен салыстырып, жатық шыққан жерін де, жолма-жол дәлдікпен аударған тұстарын да, түпнұсқадан ауытқыған, сөйлемдер қосып, еркіндеу кеткен жерлерін де анықтайды.

Танымал прозаик, публицист, аудармашы әрі аударматанушы Герольд Бельгердің 2005 жылы жарық көрген «Ода переводу» [5, 143] атты кітабында Гетенің «Орман патшасы» өлеңінің қазақ тіліндегі Мағжан Жұмабайұлы мен Қалижан Бекхожин жасаған аудармаларын толығымен салыстырып, өлеңнің әр жолындағы тура түскен және шығарма кейіпкерінің жан сезімін, тыныс-дірілін мүлтіксіз жеткізген тұстарын, жекелеген әттеген-ай дейтін жерлерін де атап өтіп «Жалпы, мен бірдеңе білсем, ұлы Гетенің аруағы «Орман патшасын» әр кезде аударған екі қазақ ақынына риза болуы керек шығар» деген ой айтады. Әрине, бұл жерде Мағжан мен Қалижанның аудармашылық шеберлігіне жоғары баға береді.

Д.Ысқақұлы өзінің «Мағжан – поэзия падишасы» атты монографиясында кеңестік кезеңдегі мағжантану мәселелерін де қарастырған. Ғалым Мағжан шығармашылығының зерттелуін, ақынның өлеңдері мен мақалаларын, аудармалары мен поэмаларын, оның әдеби-эстетикалық көзқарастарын тұтастай талдаған [6].

Алаш қайраткерлерінің аударма мұрасын педагогикалық мақсатта пайдаланып, студенттердің адамгершілік құндылықтарын қалыптастыруға бағытталған зерттеулер де бар [7].

Жоғарыда аталған аударматанушылық, әдебиеттанушылық, педагогикалық бағыттағы еңбектер Мағжан Жұмабайұлының шығармашылығын жан-жақты қарастырған. Аталған мақалада біз біршама аз қарастырылған дүниеге тоқталмақпыз. Әрі көркем аударма мәтінін қазіргі кезде батыс мәдениеттануы мен әдебиеттануында танымал Г.Спивак, Э.Саидтың постколониалдық теориялары аясында қарастырмақпыз. Мәтіндерді талдау барысында компаративистік, салыстырмалы-салғастырмалы зерттеу әдістері қолданылды.

Талқылау мен бақылау. М.Жұмабайұлы аудармаларының ішінде бүгінгі күн дискурсынан үлкен қызығушылық тудыратын, тарихтағы кей жайттарға бажайлап қарап, тәуелсіздік тұрғысынан көз жібергенде жаңа бір қырынан ашыла түсетіні – Қазақстандық орыс жазушы Всеволод Ивановтың әңгімелері. Мағжан Вс. Ивановтан барлығы бес әңгіме аударған екен. Олар: «Бала», «Өз өмірімнен әңгіме», «Темірбай», «Сай», «Жолығу» атты шығармалар. Төртеуі 1927 жылы Мәскеудің Кеңестер одағындағы елдердің кіндік баспасынан «Төрт әңгіме» деп топтастырылып шығарылған. Ал В.Ивановтың 1921 жылы жазылған «Дитё» әңгімесін, «Бала» деп аударып, 1926 жылғы «Жаңа мектеп» журналының 9-10 сандарында жариялаған.

Вс.Иванов әңгімелері азамат соғысының қасіретін бейнелеп, орыстардың өзі қызылдар мен ақтар болып бөлініп, ақ орыстардың халықты аяусыз қырған әділетсіз айуандықтарын әшкерелеп, ал қызыл орыстардың әділетке жақтасқанын суреттеуге арналғанымен бұл әңгімелер қазақ хронотопымен байланысты, яғни тапталған, езілген үшінші жақ бар мұнда, мұнда бейнеленген белгілі бір кезеңдердегі оқиғалар империя құрамындағы ұлттардың арақатынасын, отарланған халықтың трагедиялық халін, империялық үстемдіктің ауыр зардабын көрсетеді. Сондықтан бұл әңгімелерді қазіргі әлемдік әдебиеттануда өзекті болып отырған Гаятри Спивак, Эдвард Саид, және Хоми Бхабханың постколониалдық теория тұрғысынан талдауға келеді. Постколониалдық теория шығарма мазмұнындағы отарлық үстемдік, отарланған субъектінің ішкі қарсылығы, дүниетанымдардың айырмасы, өзінікі мен бөгденің қатынасы тұрғысынан қарап мәтіндегі жаңа қабаттарды ашуға мүмкіндік береді.

Сюжеті аса күрделі емес В.Ивановтың «Встреча» атты әңгімесін алып қарастырсақ, мұнда әйелінің сүйегін көтеріп келе жатқан қазақ жігіті қызылдарға жолығып, олардан көмек сұрайды. Өзінің сүйген жарын казак-орыстар тілгілеп-шауып өлтірген сұмдығын айтады. Жігіт енді сол үшін кек алмақшы болып, қызыл-орыстардан мылтық сұрайды.

В.Ивановтың бұл әңгімесінің түпкі мәні кеңес идеологиясын насихаттау екені бірден көрінеді. Себебі, қызыл орыстардың моральдық артықшылығын көрсетіп тұр. Қызыл орыс әділ тыңдаушы, басы артық іс жасамайды, жәбірленушіге қарсы әрекет етпейді. Байқұс жігіттің трагедиясына құлақ асып, өз мылтығын береді. Осылайша В.Иванов «жағымды кеңес азаматының» образын сомдап тұр. Бірақ саяси-идеологиялық қабатын сырып тастап, осы әңгіменің мазмұнына тереңірек үңілсек, біршама жайтқа қанығамыз.

Шығармада казак-орыс, қызыл орыс және қырғыз бейнелері бар. М.Жұмабайұлы аудармасында ақ орыс, қызыл орыс және қазақ деп дұрыс берген. Себебі қазақты қазақ емес, XX ғасыр басына дейін қырғыз деп атағаны тарихтан мәлім. Бұл да отаршылдықтың бір көрінісі екенін тарихшы Сәбит Шілдебай өзінің «Қазақ атын қалай қайтарды?» деген мақаласында «отар халықтардың атын бұрмалап, оларды барынша кемсітіп отырғанын тарихи құжаттардан көруге болады» дейді [8]. Жазушы езгіге түскендердің бейнесін өзге мәдениет адамының көзқарасымен береді, яғни ақиқат билеуші таптың фильтрі арқылы бейнеленгенін көреміз. Нарратор қызыл орыс. Шығармада қызыл орыс қазақты жолықтырып, қазақтың көзімен ақ орыстың әрекеттерін сипаттатады. Қазақ кейіпкер монологі арқылы өзінің ұста екенін, аз ғана малымен жарын асырап отырған қарапайым жан екенін айтады.

Мұндағы қазақтар образын отаршылық езгіге түскен, өз адамдық қадірін сақтауға тырысқан субалтерн деп қарастыруға болады. Субалтерн деген терминді Г.Спивак өзінің «Can the Subaltern Speak?» атты мақаласында кең қарастырып, езгіге ұшыраған елдің үнсіз өкілі деп сипаттайды. Тапталып, жаншылып, езілген, зорлық көрген бейшара субалтерн жанның орнына ылғи өзі емес, өзгелер тіл қатады екен, өз жайын өзі сөз ете алмайды, өзгелер оның сөзін сөйледі. Г.Спивак: «... Мәселе – субъектіні қалыптастыру үдерісінде субалтерннің ізі біртіндеп жойылып кетуінде. Интеллектуалдың рөлі – үнсіздердің орнына сөйлеу, «мылқау» субъектіні өзіне өкіл ету» [9] – дейді. Қазақ өз дауысын естірту үшін тіпті иісі шығып кеткен әйелінің сүйегін жиырма шақырым жер арқалап келіп, қызыл орысқа жалынып, аяғын сүйіп, оны мылтыққа айырбастауына тура келді. Мұнда субалтерннің дауысы бар сияқты көрінгенімен, шын мәнінде билік қызыл-орыс қолынданда, шешімді қабылдайтын сол. Қазақ үшін ақ та жат, қызыл да жат. Ол үшінші тарап. Қызылдың шешіміне мәжбүр. Ол ұлттық тұрғыдан да шеттетілген, саяси тұрғыдан да қысымға ұшыраған жан. Г.Спивак айтқандай «субалтерн сөйлеуге тырысқанымен, оның дауысы тек трагедия арқылы ғана естіледі». Ал құрбан болған әйелі Қаныкей образын субалтерн үнінің тұншығуының символдық көрінісі деуге де болады. Мәтінде «Рот у женщины был распорот и щека проткнута саблей» деп берілген Қаныкей отарлық зорлық-зомбылықтың шарықтау шегі [10, 131]. Қаныкей партиархалды қоғамда өмір сүрді. Ол болыстың бетіне түкірді. Қарсылығы бар, бірақ үні жоқ. Бас көтерер қарсылық әрқашан жазасын тартатыны ескертілді. Әйел тәнінің қорлануы – ұлттық трагедия, ұлттық рухтың отарлануы. Ұлттық, гендерлік, саяси тұрғыдан қысым көрген әйелдің үні өшті. Енді оның үні тек баяндаушы ер адамның естелігі арқылы және күйеуінің баяндауы арқылы ғана жетіп отыр. Бұл Спивак ескерткен «дауысты алмастыру» құбылысы, яғни субалтерннің сөзі әрдайым басқаның сөзі арқылы естілетіні дәлелденді.

Әңгіменің басынан бастап аяғына дейін әлденеше рет қайталанып келіп, лейтмотив ретінде көрінетін – Қарақорым елді мекені аталады. Ол бұрынғы өркениет, құлаған империя, күйреген мәдениеттің белгісі іспетті. Автор уақыттың кереғар ұғымдары арқылы баяғы және қазіргі кезді салыстыра көрсетіп, Қарақорымның өзі жоқ, тек көлеңкесі қалғанын суреттейді. Отарланған халықтың өткен өркениетін романтикаландырып, естелік түрінде сипаттау, ал қазіргі бодандық жайтты үнсіз мойындату – отарлық дискурста жиі кездесетін тәсіл. Түпнұсқа мәтінде Қарақорым сөзі 8 жерде қайталанса, аудармада Қарақорым сөзі

11 рет кездеседі. Автордың сілтеу есімдіктерімен берген жерлерін аудармашы нақтылап «Қарақорым» деп көрсетеді. Яғни аудармашы конкретизация тәсілін қолданып, нақты, айқын ұғыммен алмастырып береді. Әрине, аудармашы оқырманға түсінікті болуы үшін, әрі оның символдық мәнін түсінген соң, осылай нақтылау тәсіліне орынды жүгінген. Қазақ өзін: «здесь вместо каракорумской полины кузнецы умели ковать сабли лучше кузнецов белого царя, которого вы кызыл орус зарезали», «Я кузнец, и в джатаках подле поселков у меня есть горн, и род мой, быть может идет от кузнецов Каракорума» [10, 130] дейді. Яғни қазақ өзін Қарақорым дәуірінен тамыр тартатын өзіндік мәдени және тарихи мұрасы бар елдің өкілі ретінде көреді. Ол өзінің салт-дәстүріне адал. Себебі еңбек етіп, сегіз жыл бойы қалың малын адал төлеп, ұнатқан қызына қосылдым дейді. Әрине, қызыл орыстың көзімен қарағанда бұл бір ерекше жайт. Себебі дәл осы қалың мал мәселесіне автор оқырман назарын аударту үшін, қазақтың соңғы сөзінде тағы да « – Давай, урус винтовку. Я двадцать верст нес на себе Кызымил, она тяжелая, ее хорошо любил и хорошо кормил. Я тебе говорил об ее калыме...» [10, 131] – деп қайталайды. Әрине, әңгімеде қалың малға ерекше акцент беруінен автор ниеті байқалады.

Ақселеу Сейдімбек өзінің «Қазақ әлемі» еңбегінде қазақ халқы тарихқа отарлаушы көзімен қарап келгеніні жөнінде «Ресейдің отаршыл саясатына қолшоқпар болғандарды шетінен «Орта Азияның жабайылықтан құтқарушылар», «Сібірдің қараңғылығын нұрландырушылар» деп оқытты» [11] – дейді. Расымен, XIX ғасыр соңы мен XX ғасыр басындағы қазақ тақырыбына қалам сілтеген кей орыс жазушылары отаршылдықты – прогрессивті ойларды алға жылжытушы, ағартушылықты таратушы деген түпкі ойларын негіздеу үшін қазақтың негативті, жабайы жиынтық образын жасауы керек болған болса керек, ол үшін қалың мал мен көп әйел алушылықты осы образдың міндетті бөлшектері ретінде пайдаланғанын көреміз. Әсіресе, қазақ тақырыбын көтерген орыс жазушыларының шығармашылығынан осындай ресми отаршылдық нарративтерді насихаттауды көптеп кездестіруге болады, мәселен Д.Мамин-Сибиряқтың «Ақбоз ат», «Баймақан», «Қара Ханым», Г.Гребеншиковтың «Батырбектің хандығы» шығармалары. Аудармашы автордың осы мәселеге ерекше назар аударып отырғанын білсе де, « – Давай, урус винтовку. Я двадцать верст нес на себе Кызымил, она тяжелая, ее хорошо любил и хорошо кормил. Я тебе говорил об ее калыме...» дегенді аудармада: «Қызыл орыс, қалқам-ау, мылтығыңды бер. Мен Қаныкейді жиырма шақырым жер арқалап келдім. Қосағымның сүйегін арқалап жүру – ауыр да болса, ауыр болған жоқ» деп сөз ойнатып, қалың мал деген тіркесті әдейі қоспай, тастап кеткен [12, 309]. Себебі, аудармашы автордың түпкі ойын түсінді деп ойлаймыз.

Батыс Еуропа әдебиетінде де, орыс әдебиетінде де жиі қолданатын тағы бір тәсіл отарланған халықтарды табиғатпен етене жақын, жабайы сипатында романтикаландыру. Эдвард Саид өзінің «Ориентализм» атты еңбегінде Батыс Шығысты экзотика, қауіп-қатер, табиғи азғындық ретінде сипаттап, яғни бөгдені төмендетіп, басқаша көрсетуі – бұл да үстемдік жүргізу тәсілі екенін көрсетеді. В.Ивановтың «Жолығу» әңгімесінде де қазақтың өз әйелін «... Ее походка легче иноходцев всей Гоби, а пальцы ее, доящие кобылиц, колыхали вымя легче, чем верет колышет ковыль, и такое колыхание было у меня на сердце, когда она подавала мне чашку, наполненую айраном» деп табиғатпен етене сипаттайды [10, 130]. Бұл Э.Саид атаған өздерін ақыл мен тәртіптің иесі ретінде, ал өзгені эмоция әлемі ретінде сипаттайтын ориентализмнің классикалық моделіне келеді [13]. Қызығы, мұны да аудармашы жоғарыдағы ерсі теңеулерді қолданбай, тағы да қазақтың образды ойлау ыңғайына салып «... Алғаным ару еді. Жүрісі – айдында жүзген аққудай еді. Шаруа қылып олай-бұлай жүргенде аяққа айран құйып маған ұсынғанда, жүрегім алас ұрып аузыма тығылушы еді» [12, 307] – деп берген.

В.Ивановтың «Встреча» әңгімесінің бірнеше нұсқасы бар екен. Жазғанын өңдеп, әр жылғы нұсқасына өзгерістер енгізу В.Иванов шығармашылығына тән екенін жинақтардағы әңгімелерінің нұсқаларынан көреміз. Әңгіменің алғашқы нұсқасы Одессадан шыққан «Шквал» журналының 1925 жылғы № 12 санында басылған екен. Содан кейін бұл

әңгіме Ивановтың Мәскеуден 1925, 1928, 1932, 1958, 1959 және 1960 жылдары шыққан жинақтарында бар. 2011 жылы Павлодардан «Рассказы» деп шыққан жинағында да осы әңгіме жарияланған. М.Жұмабайұлының «Жолығу» атты аудармасының мәтіні 2023 жылы шыққан М. Жұмабайұлы шығармаларының толық академиялық жинағынан алынды. Ал түпнұсқа 2011 жылы Павлодардан шыққан жинақтан алып салыстырылды. Себебі бұл мәтін аудармамен біршама сәйкес келеді.

Әңгіменің орыс тіліндегі алғашқы нұсқасы мен кейінгі жарияланымдар арасында біршама өзгерістер бар. Атап айтқанда 1958, 1959 және 1960 жылғы нұсқасында алғашқы 4 абзац және соңындағы 10 сөйлем қысқартылған. Яғни әңгіменің басы мен соңы қысқарып қалған. Алып тастаулардың себебі әртүрлі болуы мүмкін. Шығарманың негізгі сюжетіне аса қатысы болмағандықтан шығарманы ықшамдап, негізгі қақтығыс пен трагедияны баса көрсететін поэтикалық салмақты бөліктерін сақтап, қалған оқырманның назарын қосымша тарихи реминисценциялармен, философиялық тұжырымдармен бытыратып, әр жаққа аудармау үшін яғни әдеби-эстетикалық, әдеби-редакторлық себептермен басы мен соңы алынып тасталуы мүмкін. Немесе мазмұнына қосымша реңк беретін аз бөлікті, Шыңғысханның ісін көшпенділер қуатын мадақтайтын кеңес идеологиясына қарсы келетін тұсын алып тастаған болуы да мүмкін. Немесе қызыл орыстар да, ақ орыстар да жасаған зұлымдықтары тым ащы, антикеңестік сипатта көрінуі де мүмкін болған соң, яғни идеологиялық себептермен алынып қалуы мүмкін. Мағжан мәтінінің осы бөліктері алынбаған толық нұсқасын аударған. Алынып тасталған абзацтарда лиризм мен экзистенциялық күй анық байқалады. Мәселен, шығарма «Весеннее таяние мое» деген лирикалық-медитативтік сөйлеммен басталады. Мұны аудармашы «Жазғытұры уақыт. Жан, дененің балқыған шағы» деп поэтикалық әсерін сақтап берген. Бұл табиғат қана емес, кейіпкердің де ішкі күйі, елжіреуі, балқуы. Осындай лирикалық сипаттағы абзацтар алынып тасталған соң, мәтін тек әрекеттерге бағыттаған, реалистік сипаты артып, керісінше экзистенциялық тереңдік жоғалған. Екінші мәтінде алынып тасталған сөйлемдердің бірі «Тропа все уже и уже, вот она только козья. Конь рая грудь, расчищает дорожку для моих стремян» [10, 128]. Бұл жолдардың символдық мәні де бар. Жолдың тарылуы – таңдалған жолдың қиындығы. Алға жылжудың азабын көрсету. Бір қарағанда таңдаған жолға күмәндану да бар. Вс. Ивановтың «Встреча» әңгімесінің алғашқы мәтінінің құрылымын символдық, метафоралық, концептуалдық салмақ салатын ұғымдарға негіздеген. Олар көлеңке, жарық, жол концептілері әрі метафоралары.

Көлеңке бірде империялық үстемдіктің белгісі ретінде көрінсе, бірде ұмытылған тарихтың, жадыдағы ұмытылған ақтаңдақтардың көрінісіндей. Олар аудармада да өз қызметін сақтап аударылған. Мысалы, «Его черная тень некогда лежала над Средней Азией, а теперь камни его домов не имеют четкой тени своей...» [9, 128] деген түпнұсқадағы сөйлем «Бір күнде Қарақорымның қара көлеңкесі барлық Орта Азияға түскен. Бұл күнде енді қираған үйлердің талқан болып қалған тастарының жан-жағына түсетін жөнді көлеңкесі де жоқ» деп беріледі аудармада [11, 304]. «Теперь – тени тишины», «тени их тяжелы...» деген синестезиялық метафораларды мағынасына қарай «бұл күнде құлаққа ұрған танадай тып-тыныш», «көлеңкелері салмақпен...» [12, 304] деп аударған.

Жарық ұғымы да мәтін бірнеше қайталанып барып, ұлғайып, символданып кетеді. Түпнұсқада не болды деп түсінбей тұрған кейіпкер үшін «смолевая щепка» шындыққа жарық түсіруші ретіндегі де мағынасы бар. Қазақты қараңғыда жолықтырғанда жарқ етіп от жағылады да, түсініксіз, қорқынышты нәрсе, енді айқындала бастайды. Оны аудармашы түсініп, «смолевая щепаны» да, костерды да аудармашы әдейі шырағдан деп берген. Әрі оның жарқ етіп, шындықты ашқандай әсерін бере алған. Яғни аудармашы автордың «көлеңке, жарық, жол» бейнелеріне ерекше салмақ салып отырғанын түсінгендіктен, әдейі шырағдан сөзін қайталап беріп отыр. «Костры мудрости» деген метафоралық тіркесті ұлттық поэтикаға сай шырағдан образымен «ой шырағданы» деп бергені сәтті шыққан. Шырағдан ақылдың нұры, парасаттың белгісі ретінде шығыс поэзиясында ертеден бар образ. Бұл аудармашының шығарманың көркем құрылымын түсінгендігін көрсетеді.

Дегенмен, ең бір қуатты поэтикалық сипаты бар, жоғалған жүректі бейнелейтін «Они не нашли ее сердца, потому что оно, страдая за мой стада и меня, высохло в тот вечер и было, наверное не крупнее пылинки!» деген сөйлем аудармада жоқ. Бұл сөйлемді аударуға Мағжан Жұмабайұлының шеберлігі жетіп артылады. Бірақ неге аудармаған деген сауалға қаласың. Мәтіннің бірнеше нұсқасының болуы да бәлкім, Мағжан аударған 1925 жылғы нұсқада осы жолдар болмаған шығар деген ойға еріксіз жетелейді. Оның үстіне әйелді қорлап өлтіргенін сипаттайтын «Қылышпен тілгілеп азаптау аз көрініп, малғұндар, әйелдің бет сүйегіне шеге қағыпты» деген сөйлем қазақ тіліндегі аудармасында бар. Бұл 2011 жылғы нұсқада жоқ. Мұндай дәйекті деректі аудармашы ойдан ойластырып, қосуы мүмкін емес секілді. Соған қарағанда бұл Мағжан аударған газеттік нұсқа бөлек болуы мүмкін.

Нәтижелер. Авторлық интенцияны аудармашы терең сезінгенін көреміз. Жазушы Вс.Ивановтың қызыл орысты жақтап, ақ орысты даттап әңгіме етуі, М.Жұмабайұлы аудармасында айналып келгенде, отаршылдықтың сұрқия зардаптарын тартып отырған қазақтың жайын сөз ету болып шыққан.

М.Жұмабайұлы өзінің «Голод в Сары-Арке» атты мақаласында «...А, культурный человек, всегда сумеет заставить других услышать свой голос. Напротив, молчаливая Сары-Арка покорно приняв царя-голода, ведет с ним безмолвную борьбу и безмолвно и безропотно умирает в этой неравной борьбе.

Криклив и суетлив человек голода, что он не замечает тихой смерти сына Сары-Арки. Шумлив город культурного человека, что он своим шумом заглушает тихий стон Сары-Арки. Вот одна из причин незнания русского общества об ужасах голода в киргизской степи» [14, 366] – дегені бар.

Мағжанның бұл ойы субалтерннің өшірілген үні, үнсіз қаза. Г.Спивак айтқан субалтерн секілді тарих сахнасында үнін шығара алмай, үстем дискурстың көлеңкесінде өшіп бара жатқан үн бұл. Әрине, үстем топтың дауысы зор. Өліп, қырылып жатса да, Сарыарқа үні бәсең. Бұл Г.Спивак айтқан эпистемиологиялық зорлық. Үстем ел тек өзінің тілімен, тек өзінің категорияларымен ғана таниды. Ал Сарыарқаның, яғни қазақ халқының шын үнін есту үшін стререотипті тану тәсілі емес, басқаша тыңдау тәсілі керек. «Молчание Сары-Арки вовсе не дает право признать ее спокойной и сытой. ... Пора же отказаться от старого взгляда Екатеринских времен на Сары-Арку, как на сказочную Киргиз-кайсацкую орду. Как край где все обилием дышит. Где кумыс льется рекой и где копченое мясо под открытым небом завалено горой» деп Мағжан отаршыл империяның мифтері мен стереотиптерін сынға алады [14, 366]. Яғни орыс қоғамының қазақ даласын «қымыз, ет, молшылық» деп экзотикаландырған түсінігін сынайды. Ал шындық мүлдем бөлек еді. Шындық – елдің аштық пен үнсіз азапты басынан кешіп жатқанында еді.

М.Жұмабайұлы айтқан ой мен Г.Спивактың субалтерн теориясы мазмұндық тұрғыда үндеседі. Субалтерн де, Сарыарқа да үнін естірте алмайтын, үстем дискурстың шуы ішінде жоғалған, азап шеккен субъект.

Қорытынды. М.Жұмабайұлының аударған әңгімелерінің арасында зорлық, әділетсіздік, әлеуметтік қанау, азаттық үшін күрес бейнеленген туындылар кездеседі. Алаш қайраткерлеріне маңыздысы бұл мәтіндердегі оқиға ғана емес, бастысы, ұлттық сана мен отарлыққа қарсы ойды қозғай отырып, елдік сананы ояту еді. Бұл Алаш қайраткерлерінің ұстанған стратегиясы деп айтуға болады. Осындай ойларды М.Жұмабайұлының «Табалдырық» атты бағдарламасынан да көруге болады. «Табалдырықта» Мұрат, Махамбет, Базар, Шортанбай, Ақан Сері секілді ақындарды «орыстың қара жүз отаршылдығының қарасын көріп, бірінші болып уланған ерлер» деп, ал «қазақ әдебиетінің алыбы Абайды – «отаршылдыққа қазақтың қанды жас төгіп, еріксіз шалған бірінші құрбаны» [15, 49] – деп бағалауы бекер емес. «Табалдырықта» төңкерістің қазаққа қатысын «еуропа тарихы тудырған жат төңкеріс» деп әділін айтып, сол кездегі әдеби процесті «бір жағынан, орыс отаршылығының зардабын елге кірген бүліншілік, бұзықтықты суреттеп, екінші жақтан – елдігін ұмытып, жасып қалған елдің өткенде өзіңше ел болғанын есіне салып, табиғи

жолмен келе жатты» [15, 50] – деп сипаттайды. Бұл да Алаш қайраткерлерінің барлығының түпкі миссиясы, М.Жұмабайұлының «Табалдырығында» айтылғандай, «Ояна бастаған елдің – кешегі ел болған күнін есіне түсіру болды» [15, 50].

Алаш қайраткерлері Кеңестік жүйе орнаса да, қазақ халқының отарлық езгіде өмір сүріп жатқанын көрді. Бірақ шындықты ашық айту салдарынан жер аударылып, қудаланып кететінін білген соң, ең болмаса, қысым мен зорлықтың репрезентациясы айқын көрінетін немесе ұлтаралық қатынастар бейнеленген шығармаларды аудару арқылы, отарлық езгінің салдарын қазақ оқырманына жеткізу, халық санасын ояту еді. Осылайша, Алаш қайраткерлері өз шығармашылығын – идеологиялық күресте қару ретінде жұмсағанын байқауға болады.

Алаш зиялылары қысым мен зорлық-зомбылықтың көріністері, ұлттық теңсіздік, әлеуметтік әділетсіздік және ұлтаралық қатынастар мәселелері суреттелетін көркем шығармаларды қазақ тіліне аудару арқылы өз дәуірінің өзекті мәселелерін астарлы түрде жеткізуге ұмтылды. Бұл аудармалар қазақ оқырманына өз халқының басынан кешіп отырған тарихи жағдайын салыстыра түсінуге, отарлық саясаттың салдарын тереңірек ұғынуға мүмкіндік берді. Сонымен қатар мұндай шығармалар халықтың ұлттық санасын оятуға, азаттық идеяларын сақтауға және рухани тәуелсіздікке деген ұмтылысты күшейтуге қызмет етті.

Осы тұрғыдан алғанда, алаш қайраткерлері аударманы тек мәдени немесе ағартушылық қызмет ретінде ғана емес, ұлттық мүдде жолындағы идеологиялық күрестің маңызды құралы ретінде пайдаланды. Олар көркем әдебиеттің ықпал ету мүмкіндігін тиімді қолдана отырып, қоғамдық ойды қалыптастыруға, ұлттың тарихи жадын сақтауға және азаттық идеясын келесі ұрпаққа жеткізуге күш салды. Сондықтан Алаш аудармаларының астарында тек әдеби мақсат емес, ұлттың рухани тәуелсіздігін қорғауға бағытталған саяси-идеялық ұстаным жатқанын байқауға болады.

Әдебиеттер

1. Бөкейхан Ә. Шығармалары. – Сочинения. XII том. / Толықт. үшінші бас. – Астана: Алашорда, 2018. – 576 б.
2. Кенжебаев Б. Ұстаз. Жұмабаев М. Шығармалары. III том. – Алматы: Білім, 1996. – 512 б.
3. Елеуенов Ш. Мағжан. – Алматы: Санат, 1995. – 384 б.
4. Әбдешев Б. Қара сөзден маржан терген Мағжан. – Алматы: Өлке, 2002. – 160 б.
5. Бельгер Г. Ода переводу. – Алматы: Дайк-Пресс, 2005. – 418 с.
6. Ысқақұлы Д. Мағжан – поэзия падишасы. – Алматы: Дәуір, 2020. – 256 б.
7. Daurenbekova L., Soltanayeva Y., Adayeva Y. The Effect of Teaching Based on Alash Figures in Translated Works on Human Values and Success //Journal of Social Studies Education Research. – 2025. – №16 (2). – P. 39-73.
8. Шілдебай С. Қазақ атын қалай қайтарды? URL: <https://anatili.kazgazeta.kz/news/63891>
9. Spivak G.C. Can the subaltern speak? In C. Nelson & L. Grossberg (Eds.), Marxism and the interpretation of culture. – University of Illinois: Press, 2010. – 275 p.
10. Иванов В.с. Рассказы. – Павлодар: ЭКО, 2011. – 304 с.
11. Сейдімбек А. Қазақ әлемі. Этномәдени пайымдау. – Алматы: Санат, 1997. – 464 б.
12. Жұмабайұлы М. Жолығу. Шығармаларының академиялық толық жинағы. II том. – Астана: Түркі Академиясы, 2023. – 568 б.
13. Said W.E. Orientalism. – New York: Pantheon Book, 1978. – 368 б.
14. Жұмабайұлы М. Голод в Сары-Арке. Жұмабайұлы М. Шығармаларының академиялық толық жинағы. III том. – Астана: Түркі Академиясы, 2023. – 720 б.
15. Жұмабаев М. Табалдырық. Манифест. – Алматы: Тау Самалы, 2011. – 108 б.

Е.М. СОЛТАНАЕВА, Ө. ӘБДИМАНҰЛЫ, Ш. ШОРТАНБАЙ

Казахский национальный университет имени Аль-Фараби, Алматы, Казахстан

ТВОРЧЕСТВО М. ЖУМАБАЕВА В ДЕКОЛОНИАЛЬНОМ ДИСКУРСЕ

Аннотация. В статье анализируются художественные переводы М. Жумабаева с позиций теории деколонизации, а также рассматриваются его публикации в периодической печати и литературоведческие труды, отражающие судьбу угнетённого казахского народа. Внимание уделено проявлениям колониального господства, внутреннего сопротивления колонизированного субъекта, различиям мировоззрений, отношениям между «своим» и «чужим», что позволяет выявить новые смысловые пласты текста. Рассматривается рассказ В. Иванова «Встреча» в сопоставлении с субальтерными идеями Г. Спивака, оказавшими влияние на развитие постколониальных и феминистских исследований в философии, культурологии и литературоведении.

При определении основных принципов и установок переводчика важно учитывать исторический контекст времени, социально-культурные и идеологические условия эпохи. Если автор оригинала писал в русле советской идеологии, а переводчик принадлежал к литературе Алаш, неизбежно возникновение в переводе новых интерпретационных оттенков. В данном случае различие мировоззренческих позиций автора и переводчика оказало существенное влияние на содержательную и смысловую структуру текста. Исследователи, стремясь определить стиливые и идейные особенности перевода, рассматривают его не только с языковой или литературной стороны, но и в психологическом, социальном и идеологическом аспектах, что позволяет раскрыть творческую индивидуальность личности, его национальную позицию и мастерство в соединении личных убеждений с историческими требованиями эпохи.

Ключевые слова: Магжан Жумабаев, Алаш, художественный перевод, деколонизация, дискурс, субальтерн.

Y.M. SOLTANAYEVA, O. ABDIMANULY, SH. SHORTANBAY

Al-Farabi Kazakh National University, Almaty, Kazakhstan

THE WORKS OF M. ZHUMABAYEV IN THE DECOLONIAL DISCOURSE

Annotation. One of the prominent figures of the Alash movement, poet, and voice of national spirit, Magzhan Zhumabayev, devoted a significant part of his creative legacy to literary translation. This article analyzes M. Zhumabayev's artistic translations, which reflect the fate of the oppressed Kazakh people, as well as his journalistic publications and literary studies, through the lens of decolonization theory. Special attention is paid to manifestations of colonial dominance, the inner resistance of the colonized subject, differences in worldview, and the relationship between the "self" and the "other," which together reveal new semantic layers within the text. The study also examines V. Ivanov's short story "The Encounter" in correlation with Gayatri Spivak's subaltern theory, which influenced the development of postcolonial and feminist thought in philosophy, cultural studies, and literary theory.

When identifying the main principles and positions of the translator, it is essential to take into account the historical context, as well as the socio-cultural and ideological conditions of the period. If the author of the original wrote within the framework of Soviet ideology, while the translator belonged to the Alash-oriented literature, the emergence of new interpretative nuances in the translation becomes a natural phenomenon. In this case, the difference in the worldview orientations of the author and the translator significantly influenced the content and meaning structure of the text. Therefore, researchers seeking to determine the stylistic and ideological features of the translation consider it not only from linguistic or literary perspectives, but also through psychological, social, and

ideological dimensions. Such a comprehensive approach makes it possible to reveal the translator's creative individuality, his national outlook, and his mastery in harmonizing personal convictions with the historical demands of the time.

Keywords: Magzhan Zhumabayev, Alash, literary translation, decolonization, discourse, subaltern.

References

1. Bökeihan Ä. Şyğarmalary. – Sochinenia. III tom. / Tolyqt. üşinşi bas. – Astana: Alaşorda, 2018. – 576 b.
2. Kenjebaev B. Üstaz. Jūmabaev M. Şyğarmalary. III tom. – Almaty: Bılım, 1996. – 512 b.
3. Eleukenov Ş. Mağjan. – Almaty: Sanat, 1995. – 384 b.
4. Äbdeşev B. Qara sözden marjan tergen Mağjan. – Almaty: Ölke, 2002. – 160 b.
5. Belger G. Oda perevodu. – Almaty: Daik-Pres, 2005. – 418 s.
6. Ysqaqūly D. Mağjan – poezia padişasy. – Almaty: Däuir, 2020. – 256 b.
7. Daurenbekova L., Soltanayeva Y., Adayeva Y. The Effect of Teaching Based on Alash Figures in Translated Works on Human Values and Success // Journal of Social Studies Education Research. – 2025. – №16 (2). – R. 39-73.
8. Şildebai S. Qazaq atyn qalai qaitardy? URL: <https://anatili.kazgazeta.kz/news/63891>
9. Spivak G.C. Can the subaltern speak? In C. Nelson & L. Grossberg (Eds.), Marxism and the interpretation of culture. – University of Illinois: Press, 2010. – 275 p.
10. İvanov Vs. Rasskazy. – Pavlodar: EKO, 2011. – 304 s.
11. Seidimbek A. Qazaq älemi. Etnomädeni paiymdau. – Almaty: Sanat, 1997. – 464 b.
12. Jūmabaiūly M. Jolyğu. Şyğarmalarynyñ akademialyq tolyq jinaғы. II tom. – Astana: Türkı Akademiasy, 2023. – 568 b.
13. Said W.E. Orientalism. – New York: Pantheon Book, 1978. – 368 b.
14. Jūmabaiūly M. Golod v Sary-Arke. Jūmabaiūly M. Şyğarmalarynyñ akademialyq tolyq jinaғы. III tom. – Astana: Türkı Akademiasy, 2023. – 720 b.
15. Jūmabaev M. Tabaldyryq. Manifes. – Almaty: Tau Samaly, 2011. – 108 b.

Авторлар туралы мәлімет:

Солтанаева Еркінгүл Молотқызы – филология ғылымдарының кандидаты, әл-Фараби атындағы Қазақ Ұлттық университетінің доценті, Алматы, Қазақстан.

Солтанаева Еркингүл Молотовна – кандидат филологических наук, доцент Казахского национального университета имени аль-Фараби, Алматы, Казахстан.

Soltanayeva Yerkingul Molotovna – Candidate of Philological Sciences, Associate Professor at Al-Farabi Kazakh National University, Almaty, Kazakhstan.

Өмірхан Әбдиманұлы – филология ғылымдарының докторы, әл-Фараби атындағы Қазақ Ұлттық университетінің профессоры, Алматы, Қазақстан.

Өмірхан Әбдиманұлы – доктор филологических наук, профессор Казахского национального университета имени аль-Фараби, Алматы, Казахстан.

Omirkhan Abdimanuly – doktor of Philological Sciences, Professor at Al-Farabi Kazakh National University, Almaty, Kazakhstan.

Шортанбай Шоқан Амангелдіұлы – әл-Фараби атындағы Қазақ Ұлттық университетінің аға оқытушысы, Алматы, Қазақстан.

Шортанбай Шоқан Амангелдиевич – старший преподаватель Казахского национального университета имени аль-Фараби, Алматы, Казахстан.

Shortanbay Shokan Amangeldiuly – Associate Professor at Al-Farabi Kazakh National University, Almaty, Kazakhstan.